

"Ойыл ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы" аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 8 қарашадағы № 119 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 тамыздағы № 51 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 қыркүйекте № 5077 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 233 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 07.12.2018 № 233 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 8 қарашадағы № 119 "Ойыл ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3689 тіркелген, 2013 жылғы 4 желтоқсанда "Ойыл" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы:*

Аудандық мәслихат хатшысы:

Қ. Алтымов

Б. Бисекенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК